# Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 1999-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 19 қараша N 1180. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 37 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.01.29 № 37 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 қаулысына сәйкес және халықаралық ережелер мен стандарттардың талаптарын ескере отырып Қазақстанның мемлекеттік статистикасын одан әрі жүйелі реформалау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 1999-2005 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жыл сайын республикалық бюджетте Бағдарламаны іске асыруға қажетті қаражат көздейтін болсын.

3. Министрліктер мен ведомстволар Бағдарламада көзделген шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1998 жылғы 19 қарашадағы
N 1180 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 1999-2005 жылдарға арналған Бағдарламасы

Ескерту. Мәтіннің ішіндегі "Қазақстан Республикасының Ұлттық статистикалық агенттігі", "Қазақстан Республикасының Ұлттық

статистикалық агенттігімен", "Ұлттық статагенттік", "Ұлттық статагенттігімен, "Ұлттық статагенттігі" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігі", "Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігімен", "Статагенттік", "Статагенттігімен", " Статагенттігі" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.29. N 974 қаулысымен.

Ескерту. " Мазмұны" алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1434 қаулысымен.

**1. Бағдарламаның паспорты <*>**

| | |
|---|---|
| **Атауы** | Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика. сын жетілдірудің 1999-2005 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) |
| **Әзірлеу үшін негіздеме** | "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 қаулысы |
| **Бағдарламаның мақсаты** | Еліміздің басқару органдарының, іскер топтар мен жұртшылықтың басқа елдердің тиісті ақпаратымен халықаралық деңгейде салыстыратындай еліміздің, аймақтардың, экономика салалары мен секторларының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы объективті статистикалық ақпаратқа деген қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін Қазақстанның мемлекеттік статистикасын жүйелі реформалау |
| **Бағдарламаның міндеттері** | Ұлттық статистикалық жіктемелер жүйесін енгізу; статистикалық тіркелімдерді дамыту; статистикалық байқау әдістерін жетілдіру және кәсіпорындардың статистикасына көшу; макроэкономикалық және салалық статистиканың көрсеткіштері жүйесі мен әдіснамасын жетілдіру; Қазақстан мен оның аймақтарының әлеуметтік-эконо. микалық дамуын кешенді талдауды жетілдіру; жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және бірыңғай ақпараттық статистикалық ресурстарды қалыптастыру; статистикалық деректерді жариялау мен тарату жүйесін жетілдіру; статистика саласындағы кадрларға үздіксіз кәсіптік |

білім беру жүйесін жетілдіру;
статистика саласындағы халықаралық ынтымақтастық;

**Қаржыландыру көздері** Осы Бағдарламаны іске асыру Республикалық бюджеттің қаражаты, халықаралық ұйымдардың гранттары мен заемдары есебінен жүзеге асырылады

**Іске асыру мерзімі** 1999-2005 жылдар

Ескерту. "1. Бағдарламаның паспорты" деген бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1434 қаулысымен.

## 2. Кіріспе

Ескерту. Кіріспенің тақырыбы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1434 қаулысымен.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 1999-2005 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999-2005 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспары туралы" 1998 жылға 19 ақпандағы N 119 қаулысына (7.2.4 тармақ) сәйкес әзірленді.

Қазақстанда қоғамдық-саяси құрылысты реформалау, экономиканы рыноктық қарым-қатынастарға бейімдеу ресми статистиканы да реформалауды қажет етті. Осы мақсатта республикамызда 1992 және 1996 жылдары статистиканы жетілдірудің екі бағдарламасы қабылданды. Бірінші бағдарламаны жүзеге асыру барысында ұлттық статистикалық жүйе қалыптасты, ол тәуелсіз мемлекеттің мәртебесіне сай келді, онда статистиканың жаңа бөлімдері пайда болды: атап айтқанда, сыртқы экономикалық байланыстар, төлем балансы, бағалар, үй шаруашылығы. Екінші бағдарламаны жүзеге асыру экономикалық қызмет түрлерінің халықаралық жіктемелерін және статистикалық ақпаратты әзірлеген кезде өнімдер мен көрсетілген қызметтердің жіктемелерін пайдалануға, статистикалық регистрді қалыптастырып статистикалық байқаудың іріктеу әдістері мен кәсіпорындардың статистикасына көшуді бастауға мүмкіндік берді.

Қазіргі кезде қоғамда басқару және дұрыс шешімдер қабылдау үшін ақпараттың маңызы тіпті артып отыр. Адамзаттық өркениет индустриялық экономикадан ақпараттық экономикаға көшу дәуірін бастан кешіп отыр. Егер индустриялық экономика аса мол табиғи, машиналар мен адамдар ресурсын пайдалану есебінен туындап, дамыса, жаңадан дами бастаған экономика дәстүрлі ресурстарды емес, ақпараттың зор шығынын талап етіп отыр.

Үкімет өзінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасының шегінде 1998 жылдан бастап "Стратегия - 2030: бүкіл қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатын жақсарту" - Қазақстан Республикасының

ұзақ мерзімді Стратегиясын іске асыруға кіріседі.

Үш жылдық стратегиялық жоспарларды республика мен оның аймақтарының деңгейінде жүзеге асыру мақсатында орталық және жергілікті атқарушы органдарды тиісінше кешенді ақпараттандыруды, мемлекеттік басқарудың бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыруды жүзеге асыру көзделіп отыр. Мемлекеттік статистика бірыңғай ақпараттық ресурстардың ұйытқысы болуға тиісті.

## 3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау <*>

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1434 қаулысымен.

Қазақстанның қоғамдық-саяси құрылысының өзгеруі мен оның экономикасының рыноктық қарым-қатынастарға бейімделуі, сондай-ақ ел экономикасының дүниежүзілік қауымдастыққа етене ұштасуы мемлекеттік статистиканы реформалауды қажет етті. Ол Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 желтоқсандағы N 1098 қаулысымен бекітілген Статистиканы, бастапқы және бухгалтерлік есеп алуды қайта құру жөніндегі мемлекеттік бағдарламасын қабылдаған кезден басталды.

Осы Бағдарламаның негізінде 1993-1996 жылдары экономиканың нақты секторында қаржы және банк салаларында халықаралық деңгейде салыстыратындай ұлттық статистиканы қалыптастыру жөніндегі алғашқы қадамдар жасалды. Сондай-ақ БҰҰ-ның Шоттар Жүйесіне (ҰШЖ) көшу, ҰШЖ-ның схемасы бойынша салааралық баланстарды әзірлеу, қаржы және банк статистикасын реформалау үшін негіз қалаған шаралар кешені жүзеге асты. Республика үшін статистиканың жаңа, атап айтқанда: сыртқы экономикалық байланыстар, төлем балансы, баға, үй шаруашылығы бөлімдері жасалды. Халықаралық талаптарға сәйкес статистиканың басқа салалары да реформалана басталды.

**Статистиканы қайта құру:**

жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) есептерін және басқа макроэкономикалық көрсеткіштер енгізуге;

республиканың төлем балансының методологиясын игеруге және жасауға;

Экономиканың барлық негізгі секторларындағы бағалар мен тарифтер жөнінде жүйе жасап, халықтың күнкөріс деңгейінің өзгеруін терең талдау үшін бағалар статистикасын дамыта бастауға;

сыртқы экономикалық қызметтің, соның ішінде кедендік статистиканы игеріп, кеңейтуге;

қаржы, банк және ақша статистикасының көрсеткіштерін жүйелеу жөніндегі жұмысты бастауға;

жаңа рыноктық құрылымдар: шағын кәсіпорындар, кооперативтер, шаруашылық серіктестіктер, фермер және шаруа қожалықтары қызметін статистикалық бақылауды енгізуге;

Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші және басқа субъектілерінің Мемлекеттік регистрін статистиканы зерттеудің іріктеу әдістеріне көшу үшін пәрменді құрал ретінде жасауға;

ауыл шаруашылығы статистикасы бойынша тәжірибе ретінде алғашқы іріктеп зерттеу жүргізуге;

отбасы бюджетін статистикалық бақылау жүйесін халықтың күнкөріс деңгейін сипаттайтын ақпараттық аса маңызды көзі ретінде жетілдіруге;

үлкен электр есептеу машиналарын (ЭЕМ) жеке компьютерлерге ауысуға мүмкіндік берді.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде тәуелсіз мемлекеттің мәртебесіне сәйкес келетін ұлттық статистика қалыптасты.

Экономиканың нақты секторында мемлекеттік статистиканы одан әрі жетілдіру мақсатында халықаралық практика таныған әдістер мен методологияны, сондай-ақ деректерді өңдеу мен жариялаудың осы заманғы ақпараттық-технологиялық құралдарын енгізу негізінде 1996 жылы Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 1996-1998 жылдарға арналған екінші бағдарламасы қабылданды. Ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылға 8-қазандағы N 1244 қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына сәйкес бекітілген.

Статистиканы реформалаудың екінші кезеңінде мынадай негізгі нәтижелерге қол жетті:

1993 жылғы БҰҰ-ның ҰШЖ методологиясы негізінде ұлттық есепшілдік жүйесі жасалды және салалық статистикаларды реформалау басталды;

бухгалтерлік есепке алудың жаңа жүйесінің жүргізілуіне байланысты қаржы және ақша-кредит статистикасының нысандары қайта қаралды;

шаруашылық жүргізуші және өзге де субъектілердің Мемлекеттік регистрі Әкімшілік регистрге қайта құрылған, соның негізінде статистикалық регистр қалыптаса бастады;

статистикалық ақпаратты әзірлеген кезде экономикалық қызмет түрлерінің халықаралық жіктемелерін және өнімдер мен қызметтердің жіктемелерін пайдалану басталды;

ауыл шаруашылығы статистикасының үлгісінде статистикалық бақылаудың іріктеу әдістеріне көшу, сондай-ақ шағын кәсіпорындардың үлгісінде кәсіпорындар статистикасына көшу басталды;

статистика органдарын есептеу техникасымен және

телекоммуникациялардың осы заманғы құралдарымен техникалық қайта жарақтандыру жұмысы жүргізілді және республиканың статистикалық органдарында ақпараттық ресурстарды қалыптастыру ісін автоматтандыру жұмысы басталды.

Тұтастай алғанда, осыдан бұрынғы жылдары статистиканы реформалау ресурстардың басымдылығы, оларды аса маңызды іргелі бағыттарға барынша шоғырландыру принципі бойынша жүзеге асып келді, мұның өзі дүниежүзілік статистикалық қауымдастыққа етене ұштасуымызға зор мүмкіндік берді. Халықаралық ұйымдармен (Еврастатпен, БҰҰ-мен ЕЭК-нің, ХВҚ-тың статистикалық бөлімдерімен, Дүниежүзілік банкпен, ОЭСР, ЮНЕСКО-мен) Германияның, Нидерландтардың, Францияның және басқа елдердің статистикалық қызметтермен ұдайы өзара байланысты жасау және жан-жақты ынтымақтасып жұмыс істеу зор маңызға ие болды, мұндағы басты мақсат - Қазақстанның статистика мамандарына халықаралық стандарттарға көшуге, мамандар даярлауға жәрдемдесу. Сонымен бірге ұлттық статагенттік барлық халықаралық ұйымдарға жыл сайын еліміздің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайы туралы 40-тан астам сұрақтар бойынша ақпарат береді. Осы жұмыстың нәтижесінде Қазақстан Республикасының статистикалық деректері "Демографиялық жылнама", "Халықаралық қаржы статистикасы", " Өнеркәсіп жөніндегі халықаралық сұрақнама", т.с.с. халықаралық жарияланымдарға енді.

## 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері <*>

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1434 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасын жетілдірудің үшінші Бағдарламасының мақсаты - еліміздің басқару органдарының, іскер қауымдар мен жұртшылықтың басқа елдердің тиісті ақпаратымен халықаралық деңгейде салыстыратындай еліміздің, аймақтардың, экономика салалары мен секторларының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы объективтік статистикалық ақпаратқа деген қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін Қазақстанның мемлекеттік статистикасын жүйелік реформалау.

Бағдарламаның міндеттері:

халықаралық деңгейде қабылданған классификациялар жүйесін енгізу;

статистикалық қызметті ұйымдастырудың негізгі құрал-сайманы ретінде регистрді дамыту;

статистикалық бақылау әдістерін жетілдіру және кәсіпорындардың статистикасына көшу;

нақты, сыртқы, мемлекеттік, қаржы және әлеуметтік секторларда

макроэкономикалық және салалық статистиканың көрсеткіштері мен методологиясы жүйесін жетілдіру;

Қазақстан мен оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын кешенді талдауды жетілдіру;

жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және классификациялардың автоматтандырылған банкі, регистрлер, деректердің ұштасып-бөлінген базалары енетін бірыңғай ақпараттық статистикалық ресурстарын қалыптастыру;

статистикалық деректерді жариялау және тарату жүйесін жетілдіру;

статистика мен ақпараттық технологиялар саласындағы кадрларға үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру;

статистика саласында халықаралық ынтымақтастық орнату.

## 5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері <*>

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1434 қаулысымен.

### 5.1.Статистиканың халықаралық стандарттарын енгізу

#### 5.1.1. Халықаралық деңгейде қабылданған жіктемелермен үйлескен ұлттық статистикалық жіктемелер жүйесін енгізу

**Істің хал-жайы.** Статистикалық стандарттардың ішінде деректерді жіктемелеу стандарты маңызды орын алады. Бұрынғы бүкілодақтық жіктемелер нарықтық экономика ерекшелігін көрсете алмады және статистикалық деректерді халықаралық деңгеймен салыстыруды қамтамасыз ете алмады. Үкіметтің 1997 жылғы 15-шілдеде қабылдаған N 1113 "Қазақстан Республикасының техникалық экономикалық және әлеуметтік ақпаратты жіктеудің және кодтаудың халықаралық жүйесіне көшуі туралы" қаулысы жіктемелеу мен кодтаудың бірыңғай жүйесіне көшудің кезеңділігін қамтамасыз етуге тиісті. Олардың қатарына бірінші кезекте салалық жіктеме: БҰҰ-ның (МСОК, ISIC), экономикалық қызметінің барлық түрлерін халықаралық стандарттаудағы салалық жіктемесі, оның Европадағы соған ұқсастары - Европа қоғамдастығының ЕС (КДЕС, NACE) экономикалық қызметтегі жалпы салалық жіктемелеу негізінде ТМД-да экономикалық қызметтердің (ЭҚЖК) барлық түрлерінің жалпы жіктемесі дайындалған болатын және ол Қазақстан статистикасында 1998 жылдың қаңтарында іске асырыла бастады.

Екінші маңызды жіктемеге өнімдер мен қызмет көрсетуді жіктемелеу жатады : БҰҰ-ның (КОП,CPC) негізгі өнімдерін жіктемелеу, Европа қоғамдастығының ( КПЕС, CPA) қызмет түрлері бойынша өнімдерді статистикалық жіктемелеу, сондай-ақ оны толықтыратын өңдеу өнеркәсібі салалары өнімдері бойынша ( ПРОДКОМ, PRODKOM). Европа қоғамдастарының жаңа статистикалық

номенклатуралары. Қазақстан 1998 жылдың қаңтарынан бастап осы жіктемелерді пайдалана бастады.

Сыртқы сауда статистикасында 1994 жылы кеден статистикасына көшу сәтінен бастап тауарларды кодтау үшін тауарларды суреттеп жазу және кодтаудың халықаралық үйлесімді жүйесіне (ҮЖ) негізделген сыртқы экономикалық қызметтің барлық түрлерінің тауар номенклатурасы (ЭҚТ ТН) қабылданды.

**Мақсаты.** Статистиканың кейбір салаларында халықаралық жіктемеге көшу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру, республикалық деңгейде жіктемелердің ұлттық болжамдарын әзірлеу және бекіту.

**Негізгі шаралар.** Бірінші кезеңде (1998-1999 жылдары) - Европалық қоғамдастықтың халықаралық статистикалық жіктемелерін (NACE, CPH, PRODKOM), екінші кезеңде (2000-2005 жылдары) басқа жіктемелерін (білім, денсаулық сақтау, еңбек, экология және басқалар) енгізу жоспарлануда.

Басқа да жалпы жүйелік статистикалық жіктемелерді: меншік түрлері, ұйымдастыру-хұқық нысандары, аумақтар, кәсіпорынның шағындылығы, өндірістің көлемі және басқаларды жетілдіру және енгізу жөніндегі жұмыстар жалғастырылады.

### 5.1.2. Регистрлерді статистикалық қызметті ұйымдастырудың негізгі құралы ретінде дамыту

**Істің хал-жайы.** Халықаралық стандарттар бүгінгі статистиканың міндетті маңызды белгісі ретінде регистрлерді анықтайды. Регистрлерді жасаудың басты мақсаты - экономикалық процеске қатысатын барлық өлшем бірліктерінің толық және актуальды тізбесін жасау және олардың қызметі мен дамуына сапалы байқауды қамтамасыз ету.

Қазақстанның мемлекеттік статистика жүйесінде күні бүгінге дейін статистика мақсатына қолданылатын сапалы регистрлері болған жоқ. Статистика тек жекелеген салалық каталогтерге негізделіп келді. Шаруашылық жүргізетін және басқа да субъектілердің мемлекеттік регистрде қолданып жүрген ақпараттары (ШСМР, бұдан былай әкімшілік регистр) қазіргі күн талабына жеткіліксіз болды, бұл регистрдің басқа ведомстволардағы регистрлермен өзара іс-қимыл механизмі іске қосылмады. Регистрлерде "демографиялық" процесс бірлігі туралы (бөліну, бірігу, қазіргі құрамнан жаңа бірліктердің бөлінуі т.с.с.) толық ақпараттар болмады.

Қазіргі уақытта статистика регистрінің жүйесі заңды тұлғалардың барлық түрлерін, олардың филиалдары мен өкілдерінің есебін алу үшін әкімшілік регистрін, фермерлерден басқа жеке кәсіпкерлердің есебі үшін - жеке кәсіпкерлік регистрін, фермерлерді қосқанда ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің есебі үшін ауыл шаруашылық регистрін біріктіреді.

Қолданылып жүрген әкімшілік регистрі 1998 жылы елеулі өзгертілді, оның негізінде жасалған статистикалық регистр іске асырыла бастады. Мұның өзі 1999 жылдың басынан бастап барлық статистикалық байқауды осы регистрлердің негізінде жүргізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ есеп беретін кәсіпорындардың каталогін қалыптастыру тәртібін ғана емес, сонымен бірге статистикалық байқау нәтижелерін бағалауды қосқанда, басқа да жұмыстарды өзгертуге мүмкіндік береді.

**Мақсаты.** Статистикалық байқаудың бүгінгі әдістеріне көшуді қамтамасыз ететін статистикалық регистрлер жүйесін жасау.

**Негізгі шаралар.** 1999-2000 жылдары кәсіпорындар тобының, кәсіпорындардың, жергілікті мекемелердің, әкімшілік регистрдегі және жеке меншік кәсіпкерлерінің реестріндегі заңды тұлғалардың статистикалық регистрінде ұсынылатын статистикалық бірлік негізінде регистрлер базасын өзгерту қажет.

Регистрлерді жүргізу тәртібі жетілдірілетін болады, олардың әдістемелік базасы мен негізгі белгілері жетілдіріледі, ал статистикалық регистр Еуропалық қоғамдастық қабылдаған "Регистрлерді жүргізу жөніндегі басшылыққа" сәйкестендіріледі.

Экономиканың барлық салаларының кәсіпорындары үшін қызметтердің негізгі түрлерін анықтау әдістемесін әзірлеу және енгізу жоспарлануда.

2001 жылы кәсіпорындарға "демографияларды" енгізуді бастау көзделуге, ал одан кейін 2005 жылға дейін регистрлерді ұйымдастыру және пайдалану әдістемесін кезең-кезеңмен одан әрі жетілдіру көзделуде. Қазір регистрлер 15 аумақтың бөлікшелерінде жүргізілуде және бір республикалық базасы бар, бірақ 2005 жылдың аяғында регистрлерді базаларға бөлінген деректер тәртібімен жүргізуге көшу жоспарлануда.

Жыл сайын арнаулы анкетаның жылдық статистикалық есеп беру қорытындыларының, сондай-ақ әкімшілік деректерінің (басқа ведомстволар мен олардың регистрлері) негізінде регистрлер күн талабына сәйкестене түседі. ең соңында, ғылыми негізделген статистикалық көрсеткіштерді есептегенде кеңінен пайдаланылады.

Регистрлерді жария етудің негізгі көзі 5-10 жылда бір рет жүргізілетін салалық санақтар болуға тиіс, олардың нәтижелері, сондай-ақ санақ аралығындағы кезеңде статистикалық көрсеткіштердің негізделген есептеулерін жүргізу үшін база ретінде пайдаланылатын болады. Регистрлер негізінде уақытқа бөлінген іріктеу байқаулары мен зерттеулерін жүргізуге пайдаланылатын көп мақсаттық, көп кезеңдік дайындау көзделуде.

### 5.1.3. Статистикалық байқаудың әдістерін жетілдіру және кәсіпорындардың статистикасына көшу

**Істің хал-жайы.** Өтпелі кезеңдегі міндеттердің күрделі де көп жақтылығы, статистикалық көрсеткіштер жүйесін құрудың методологиялық принциптері мен әдістемелік тәсілдерін жасауда да, сондай-ақ статистикалық байқауларды ұйымдастыру мен алынған ақпараттарды өңдеуде де көп шаралылықты (көп қырлылықты) талап етеді.

Мемлекеттік статистикалық байқаудың жаппай есепке алуға және есеп беруге негізделген қазіргі жүйесі қолданылып жүрген статистикалық дәстүрлі әдістердің көмегімен экономиканың әр түрлі секторлардағы экономикалық қайта құруды объективті сипаттайтын ақпараттарды толық және сапалы жинауды (әсіресе қызметкерлері аз шаруашылық жүргізуші субъектілерден) қамтамасыз ете алмайды.

Мұндай жағдай шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне статистикалық байқау әдісін жетілдіруді қажет етеді.

Байқаудың жаңа әдісін енгізуге жүйелі қарауды, соның ішінде іріктеп тексерулерді кеңінен негізінде кәсіпорындар статистикасын қамтамасыз етеді, ол рыноктық экономика дамыған барлық елдерде пайдаланылып жүр. Статагенттік бірінші рет ішінара байқауды - ауыл шаруашылығында, экспериментті іріктеп байқауды өнеркәсіпте жүргізуді және кәсіпорындар статистикасын тұтастай ендіруді 1999 жылға жоспарлап отыр.

**Мақсаты.** Кәсіпорындар статистикасы шегінде статистикалық регистрлер базасында статистикалық байқау объектілерін жаппай және іріктеп байқау әдістерін оңтайлы ұштастыру жүйесіне көшіру.

**Негізгі шаралар.** Ірі және орташа кәсіпорындар көрсеткіштердің оңтайлы құрылымы жаппай есеппен және оларды жинау мен қорытудың жиі кезеңділігімен, ал қызметкерлері аз шаруашылық жүргізуші субъектілер - олардың экономикалық қызметі бойынша негізгі көрсеткіштерінің азғантай санының ішінара есебімен қамтылатын болады.

Алдағы кезеңде халық санағын ауыл шаруашылығындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің бітпеген құрылысты, тауарлар және жұмысшы күші рыногын , т.с.с. қосқанда біржолғы санақ пен есеп жүргізетін статистикалық тәжірибені және халықаралық деңгейде мойындалған методологиялық тәсілді пайдаланумен үнемі жүргізілетін (5-10 жылда бір рет) статистикалық есеп жүргізу мен есеп берудің негізі болады.

Бұл республиканың экономикасы мен әлеуметтік салада болып жатқан әр түрлі жағдайларды неғұрлым толық және объективті зерттеуге мүмкіндік береді. Салалық статистикадан кәсіпорындар статистикасына көшуді қамтамасыз ету үшін әр түрлі әдістемелік материалдарды әзірлеп, енгізу іске асырылады.

Кәсіпорындар статистикасын енгізу:

статистикалық есептерді жинақтаудың жаңа схемасына әзірлеуді;

статистикалық есеп берудің жаңа нысандарын;
барлық есеп берулерді әзірлегенде регистрлерді пайдалануды;
зерттеудің іріктеп байқау әдістерін кеңінен қолдануды;
статистикалық есеп жүргізуді ұйымдастыру үшін бірліктердің жаңа түрлерін енгізуді көздейді.

Кәсіпорындар статистиканың бірінші кезеңінде байқау бірліктерінің статистикасында түрді сақтағанда қолданылатын есеп берулерді жинаудың жеңілдетілген схемасы мен нысандардың шектелген жиынтығы негізінде жүргізілетін болады. Келесі кезеңде бұл бағдарлама күрделенеді, көрсеткіштер мен нысандар жүйесі жыл сайын жетілдірілетін болады.

Экономиканың барлық секторлары бойынша объективті экономикалық-статистикалық ақпарат алу мақсатында экономикалық-математикалық әдістерді кеңінен пайдалану, әсіресе іріктеп зерттеу қорытындылары бойынша статистикалық көрсеткіштерді әртүрлі есептеу мен есептеуге дейінгілерін жүргізу көзделуде.

## 5.2. Макроэкономикалық және салалық статистиканың көрсеткіштер жүйесі мен методологиясын жетілдіру

### 5.2.1. Нақты сектор статистикасы

#### 5.2.1.1. Ұлттық есепшілік жүйесі

**Істің хал-жайы.** Қазақстан 1993-1997 жылдары экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (ЭЫДҰ) техникалық көмегімен рыноктық экономика елдеріне БҰҰ-ның ұсынысына сәйкес халық шаруашылығы балансынан (ХШБ) Ұлттық Шоттар Жүйесіне (ҰШЖ) көшуді негізінен іске асырады. Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) мен Дүние жүзілік банк миссиясының берген бағасы бойынша Қазақстан кәзіргі кезде 1993 жылғы Ұлттық Шоттар Жүйесінің (ҰШЖ) методологиясын енгізудің 4-5 кезеңінде (ұлттық шоттар бойынша секретариатаралық топтың ҰШЖ-ны енгізу жөніндегі БҰҰ-ның статистика комиссиясының тапсыруы бойынша дайындалған ұсыныстарында 6 кезең қаралған) тұр. Қазіргі уақытта барлық ағымдағы шоттар және капиталмен операция жасайтын шоттар тобының біріншісі қордалану шоты құрылды. Қаржы шотын құру жөніндегі жұмыстар басталды. Методология игеруді және "өзге дүниелер" шоты бойынша есептесу іске асырылды. 1993 жылдан бастап өндіріс әдісі бойынша жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) есебі тоқсан сайын, ал 1995 жылдан бастап соңғы пайдалану әдісі бойынша жүргізіліп келеді. 1994 жылдан бастап Ұлттық Шоттар Жүйесінің қысқа схемасы бойынша салааралық баланс таблицасын (шығару - шығындар таблицасы) құру іске асырылуда. Тауарлар ағыны әдісін ("ресурстар - пайдалану" таблицасын) игеру жөніндегі жұмыстар басталды. Жалпы ішкі өнімнің (маусымдық құбылу есебі) тоқсандық есептерін

үйлестіру жөніндегі жұмыстар анықталды. 1990 жыл мен 1996 жыл аралығындағы кезеңде халықаралық сарапшылардың ескертпелерін ескере отырып, бірыңғай методология бойынша Ұлттық Шоттар Жүйесі көрсеткіштерін қайта есептеу нәтижелерінен тұратын "Қазақстан Ұлттық Шоттары" деген арнаулы статистикалық жинақ басылып шықты.

**Мақсаты.** Ұлттық шоттар жүйесінің ағымдағы шоттары бойынша есептеуді онан әрі жетілдіруді қамтамасыз ету, қордаланудың өзге шоттары мен ұлттық шоттар жүйесінің балансы таблицаларын құру методологиясын игеру, экономика секторлары бойынша шоттардың өз ара байланысты жүйесін қалыптастыру.

**Негізгі шаралар.** Қордаланудың өзге шоттарының (қаржы шотының, қайта бағалау шотының және активтегі басқа да өзгерістер шотының) және Ұлттық Шоттар Жүйесіндегі баланс таблицасын құру мен методологиясын игеру жөніндегі шаралар қаралуда, мұның өзі еліміздің статистикалық практикасына 1993 жылғы Ұлттық Шоттар Жүйесі методологиясын енгізуді аяқтауға мүмкіндік береді. Игерілген шоттарын есептеуді онан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру, сондай-ақ "ресурстар - пайдалану" (тауарлар ағымының әдісі) таблицасын практикаға енгізу жоспарлануда.

Ескерту. 3-абзацтан сөйлем алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.06.29. N 974 қаулысымен.

### 5.2.1.2. Экономиканың аграрлық секторы статистикасы

**Істің хал-жайы.** Республикадағы ауыл шаруашылығын реформалау, экономиканың аграрлық секторы статистикасына сәйкесті реформалаумен жалғасты: ауыл шаруашылық тауарын өндірушілердің статистикалық регистрлерін жасаумен, салаларды байқаудың жаңа әдістерін практикалық қызметте бақылап, зерттеуді ендірумен, жаңа ұйымдастырылған ауыл шаруашылық құрылымдар қызметін бағалау үшін жаңа методологияларды және құрал-саймандарды дайындап енгізумен жалғасты.

Қазіргі кезде тауар өндірушілердің көптеген санының жұмыс істеу жағдайында және сапасы төмен (дұрыстығы) есеп беру ақпараттарын уақтылы бермеуінен ауыл шаруашылық құрылымдардың қызметіне ішінара байқау әдісін онан әрі кеңейту қажет. Статистикалық деректер мен методологиялардың халықаралық стандартпен салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін статистикалық көрсеткіштерді, есеп беру нысандарын (байқау анкеттерін), регистрлерді және жіктемені жетілдіруді қажет етеді. Статистикалық ақпаратты жинау, дайындау және жариялау мерзімдерін қысқарту үшін жаңа ақпараттық технологияны енгізу қажет.

**Мақсаты.** Еліміздің статоргандарының практикалық қызметіне ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы салалары статистикасында өнімдер мен қызмет көрсетудің халықаралық жіктемелермен үйлесімдік

номенклатурасын дайындау және енгізу, ішінара байқау әдісінің негізі есебінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің статистикалық регистрлерін жасауды аяқтау, дүниежүзілік ауыл шаруашылық санақ шеңберінде ауыл шаруашылық санағын өткізу.

**Негізгі шаралар.** Ауыл шаруашылығы статистикасында 1999 жылдан бастап статистикалық жұмыстың көптеген түрі бойынша ішінара байқау әдісін енгізу көзделуде. Ішінара байқау әдісін ұйымдастыру және өткізу үшін аудандық (қалалық) статистика бөлімдерінде есепшілер (интервьюші) жүйесін құру белгіленіп отыр, ал келесі жылдары оны үнемі жетілдіру мен орнықтыру қамтамасыз етіледі.

1999 жылы дүниежүзілік ауыл шаруашылығы санағының бағдарламасына сәйкес елімізде 2005 ауыл шаруашылық санағын ұйымдастыру және өткізу жөнінде нормативтік-құқықтық және басқа да құжаттарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына дайындап, ұсыну көзделіп отыр. Ауыл шаруашылығы санағын өткізу үшін оны ұйымдастыру жоспары мен құрал-саймандық, әдістемелік оқу құралдары және басқа да материалдар дайындалатын болады. 2004-2005 жылдары елімізде ауыл шаруашылығы санағын ұйымдастыру және өткізу жөнінде, жұмыстары жүргізілетін болады.

2001-2005 жылдары саланың статистикалық қызметін жетілдіру, статистикалық ақпаратты талдау және жариялау, ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығының салалық статистикасында, статистикалық жұмыстарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын қызметкерлердің кәсіптік деңгейін үнемі көтеруді онан әрі жалғастыру көзделді.

Ескерту. 5-абзац өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.06.29. N 974 қаулысымен.

Ескерту. 5-абзац өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.20. N 1666 қаулысымен.

### 5.2.1.3. Экономиканың индустрия секторы статистикасы

**Істің хал-жайы.** Өнеркәсіптің статистикасын реформалау шеңберінде, мұнан әрі ішінара байқау әдісіне көшуге, кәсіпорындар статистикасына көшу үшін негіз қалайтын, сондай-ақ Қазақстан бойынша деректерді халықаралық ұйымдары басып шығарған басқа елдер деректерімен салыстыруды қамтамасыз ететін шаралар кешені іске асырылды.

Соңғы екі жылда әкімшілік регистрінде жазылған өнеркәсіп кәсіпорындары жөніндегі ақпараттарды күн талабына сай келтіру жөнінде жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Ай сайынғы негізде өндіріс көлемі жөнінде көрсеткіштерді (құндық және заттай), сонымен бірге, қаржы және еңбек жөнінде негізгі көрсеткіштерді біріктіретін, республикалық деңгейде бірыңғай ақпаратты базаны қалыптастыратын, республикалық ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының мониторингі

і с к е асырылады.

1994 жылдан бастап Ұлттық шоттар жүйесі талабына сәйкес үй шаруашылығы секторларының өндіретін, өнеркәсіптің бес саласы бойынша өнімдер құны өнеркәсіп өнімдерінің жалпы көлеміне қосылады және есептеулер жүргізіледі. Жалпы ішкі өнімдер есебі үшін ай сайын өнеркәсіптің негізгі салалары (заводтың ішкі айналымы, аяқталмаған өндіріс, тапсырыс берушінің шикізаты, үй шаруашылығы секторының көлемі) шамасында жалпы өнім шығаруға дейінгі тауар өнімін қайта есептеу жүргізіледі.

Экономикалық қызмет түрлерінің жіктемелері (ЭҚЖК) және өнімдер мен қызмет көрсетумен (ЕҚӨК) үйлесімді халықаралық стандартқа көшу шеңберінде ай сайынғы есеп беру үшін номенклатура әзірлемеуді, өнеркәсіп өндірісінің жылдық қорытындысын қалыптау үшін номенклатура дайындалуда.

**Мақсаты.** Өнеркәсіп өнімдері көлемін және нақты индекстерді есептеу көлеміндегі өлшеу бөлігінің методологиясын жетілдіруді қамтамасыз ету, өнеркәсіп өнімдерінің салалық номенклатурасын дайындау, халықаралық стандарттар талабына сәйкес энергетиканың, құрылымның және энергетикалық баланстарды жіктемелеудің статистикалық көрсеткіштер жүйесін дайындау.

**Негізгі шаралар.** Таяу уақытта өнеркәсіп өнімдеріне ұлттық салалық номенклатура дайындалды және тауарлардың алфавиттік тізімі жасалады. Кәсіпорындар статистикасына көшу және статистикалық есеп беру нысандары мен көрсеткіштер жүйелерін жетілдіру, өнеркәсіп өндірісімен шұғылданатын статистикалық байқау бірлігін жүйелеуді іске асыру жоспарлануда. Өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметіндегі негізгі экономикалық көрсеткіштердің бірыңғай ақпараттық базасын құру және оны жүргізу жөніндегі жұмыстар онан әрі жалғастырылатын болады.

Ұлттық шоттар жүйесінің талабына сәйкес және өнеркәсіп өндірісі бойынша құндық деректердің толық халықаралық салыстырмалығын қамтамасыз ету мақсатында, жеке және ұйымдастырылмаған қызметі қоса алғанда, есептегенге дейінгіні қамтамасыз еткендегі есептеулер индекстерінің нақты көлемін және өнеркәсіп өнімдерінің жалпы өнім шығару әдістемесін жетілдіру көзделіп отыр.

Энергияның коммерциялық емес көздерін пайдалануды кеңейтуге байланысты (үй шаруашылығы мен ұйымды өзі қамтамасыз ететін тіркелмеген энергия көздері), есептеу мен есеп беру жүйесін жетілдіру бөлігіндегі статистикалық түйінді мәселелерді, сондай-ақ энергетика статистикасын қамтуды шешу қажет. Осы мақсатта 1999-2002 жылдары халықаралық энергетика саласының практикасын зерттеу көзделіп отыр, соның негізінде энергетикалық баланстың құрылымы мен жіктемесін дайындап, оларды жасауға кірісу.

### 5.2.1.4. Экономиканың қызмет көрсету салалары статистикасы

**Істің хал-жайы** . Республиканың мемлекеттік статистикасын жетілдірудің бұдан бұрынғы бағдарламасы шеңберінде ішкі сауда, қызмет көрсету, көлік және байланыс салаларында халықаралық практика мойындаған әдістер мен методологияларды, сондай-ақ деректерді өңдеу мен таратудың қазіргі ақпараттық технологиялық құралдарын енгізу жолымен экономиканың осы секторлары статистикасын жетілдіруге бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Ұсақ кәсіпорындарды ішінара тексеру есебінен толықтырылатын кәсіпорындардың кейбір түрлерін жаппай статистикалық есептеу жолымен ақпарат алуға негізделген, сондай-ақ тауар айналымы көлемін есептегенге дейін сараптау, өз қызметін заңды тұлға құрамай-ақ іске асыратын шаруашылық жүргізушінің қызметін көрсететін статистикалық байқаудың құрастырылған әдістерін дайындау және іске асыру ерекше күрделі міндет болып табылады. Статистикалық байқаудың мұндай нысаны соңғы екі жыл ішінде барлық жердегі бөлшек сауда, қызмет көрсету, көлік кәсіпорындарында іске асырылуда, ол кеңейтілген және сенімді ақпараттар алуға мүмкіндік береді.

Сауда, қызмет көрсету және көлік салаларында шаруашылық жүргізуші субъектілердің статистикасын (кәсіпорындар статистикасы) құру жөнінде қалыптасып келе жатқан рынок жүйесіндегі әртүрлі үлгідегі кәсіпорындардың қызметін статистикалық жан-жақты бейнелеуді қамтамасыз ететін көрсеткіштер мен статистикалық байқаудың біріктірілген түрлеріне көшуді іске асыру жұмыстары басталды.

Сауда және қызмет көрсету статистикасы бойынша N10-сауда нысаны және N 1-қызмет көрсету нысаны жаңа статистикалық нысандар экономикалық қызметтің барлық түрлерінің (ЭҚЖК) жіктемелерін (жіктеменің Европалық варианты) енгізуді ескеріп құрылған.

Көрсетілген нысандарды статистикалық есеп беруге енгізу, кәсіпорындардың негізгі және қосымша түрлері қызметін орындалған жұмыс және көрсетілген қызмет көлемдерін байқап отыруға мүмкіндік береді. Бұл есеп берулер саланы сипаттайтын салалық таза көрсеткіштермен бірге басқа сала кәсіпорындарының ( жұмыс істейтіндердің құрамы мен саны, еңбекақының көлемі, жалпы кіріс, шығыстар, инвестициялар т.б.) көрсеткіштерімен салыстырғанда кәсіпорын қызметінің экономикалық нәтижесін көрсететін көрсеткіштерді алуға мүмкіндік береді.

Мұндай есеп берулерді енгізуге байланысты республикадағы қазір жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы толық және кең салыстырмалы ақпараттар алудан басқа есеп беретін кәсіпорынның ақпараттық жүгі тәртіпке келтіріледі және азаятын болады.

1998 жылдан бастап көліктер бойынша есеп беру жолдары жүйеге келтірілді: көліктің әрбір түрі бойынша статистикалық есеп берудің түрлі нысандарының орнына көліктердің барлық түрлері үшін көрсеткіштері анықталған жүйеге келтірілген айлық есеп беретін N 1-көлік нысаны енгізілді. Көліктердің әрбір түріне сәйкесті көрсеткіштер есеп беру үлгісіне қосымша ретінде тоқсанына бір рет жинақталатын болады.

**Мақсаты:** Дүниежүзілік статистика практикасында қабылданған методологияларға толық сәйкес тәртіптелген кезеңділікпен, әдістермен деректерді жинау, статистикалық есеп беру нысандары көрсеткіштерінің жүйесін онан әрі жетілдіру.

**Негізгі шаралар.** Қызмет көрсету секторы салаларының статистика шеңберінде (ішкі сауда, көлік, байланыс, басқа да рыноктық қызмет көрсетулер) кәсіпорынды және қызмет түрі бойынша мамандандыру талаптарын ескерген оның саласын, жалпы экономикалық нәтижелерді, осы кезең ішіндегі конъюнктура талаптарын және аумақтық талаптарды сипаттайтын ақпараттарды алу проблемасын шешуге бағытталған шаралар кешенін жүргізу жоспарлануда.

Көрсетілген талаптар бір уақытта бірден орындалмайды (есеп беру мен анкеттеудің бірыңғай нысандары бойынша) есеп беру және анкет нысандары бірін-бірі толықтыратын балансталған және жақсы хабардар өзгермелі жүйені құру қажеттілігі болғандықтан оның негізгі сипаттарын төмендегі түрде ұсынуға болады.

Сауда нүктелеріні Ң, қонақүйлерінің, қоғамдық тамақтану орындары мен қызмет көрсету кәсіпорындарының санағы жаппай есеп орындары бола тұра, айналым, жұмыспен қамту және кәсіпорынның қуаты бойынша деректер сияқты аздаған маңызды көрсеткіштердің есебіне көңіл бөлуге тура келеді. Олардың нәтижесін аймақтық белгісі мен мамандандырылған белгісі бойынша бөлімшелердің толық табыс етуі мүмкін және сайып келгенде, аймақтық статистика деректеріне деген қажеттілікті қанағаттандырады. Санақтар айлық ( тоқсандық) статистика, жылдық және қосымша тексерулер үшін сұрыптауды және есептеуді негізгі мерзіміне сәйкес ұсына отырып, кәсіпорындардың статистикалық регистрінің қажеттілігі сияқты маңызды міндетті орындайды.

Экономиканың кейбір секторларының экономикалық даму процесінде болып жатқан өзгерістердің жылма-жыл жан-жақты қамтылған бейнесін беретін жылдық репрезентивтік зерттеулер сауданың, қонақүй шаруашылықтарының, қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету саласының есеп беруінде жаңа жүйенің негізін құрайды.

Жылына бір рет өткізілетін қосымша зерттеу тауарлар ассортиментінің әртүрлі жүйелердегі қолда барын және тауарлар құрылымы мен тауарлардың түсу және сатылу жолдарын зерттеуге қызмет етуге тиісті. Қосымша тексерудің

қорытындылары республика экономикасындағы рыноктық өзгерістерге талдау жасайтын шын мәніндегі негіз болып саналады. Тауарлар ассортименті мен қызмет көрсетуді талдау ең алдымен ассортименттің кеңдігі мен тереңдігі, сондай-ақ сатып алу рыногы мен сату рыногындағы болып жатқан эволюциялық нәтижелерден, қызмет көрсетудің кейбір түрлеріне сұраныстың өзгерістері туралы мағлұмат береді.

Көтерме және бөлшек сауданы, қонақ үй шаруашылығын, қоғамдық тамақтану мен қызмет көрсету саласындағы ай сайынғы тексеру ең алдымен конъюнктуралық талдау мақсатына қызмет етеді. Сондықтан олар тек жалпы айналым мен жұмыспен қамту жөніндегі деректер күн тәртібіне сай ақпараттар беріп тұруға тиіс.

Есеп берудің жаңа жүйесімен елдің хабардарлығы айтарлықтай өрістейді, өйткені басқа тексерулерден алынған көрсеткіштер мен деректерді байланыстыру саладағы болып жатқан жағдайлардан дифференциалды кестелер жасауға мүмкіндік береді. Бұл жүйе ақпарат жинаудың салалық түрінен кәсіпорын статистикасына біртіндеп көшуге жағдай жасайды.

**5.2.1.5. Құрылыс және инвестициялар статистикасы**

**Істің хал-жайы.** Құрылыс және инвестициялар статистикасын реформалау шегінде еліміздегі пайдаланушылардың ақпаратқа деген қажетін белгілі бір шамада қанағаттандыратын шаралар кешені жүзеге асырылды. Мұның өзінде статистиканың осы тауарларын құрудың жалпы методологиялық әдістері, статистикалық көрсеткіштер жүйелері, ағындар схемалары, ақпаратты жинау мен өңдеу технологиясын рыноктық экономика елдерінің зерттеген тәжірибесі есепке алынып, қайта қаралды.

Қазақстанның табиғи ресурстарын игеру шаралары бойынша жер астының байлықтарын пайдаланушыларға берілетін лицензиялар мен байланыстардың есебін жүргізуде, үлкен маңызы бар сенімді де анық деректер алатын лицензиялық міндеттерінің орындалуына тиімді бақылауды іске асырудың мүмкіндігі бар. Осы мақсатта Республикада N 1-4 ЛКУ жаңартылған нысан бойынша жерді пайдаланушылардың лицензиялық және келісім шарт талаптарын орындауларына мониторинг жүргізілуде. Жер астын пайдаланудағы нақты инвестициялардың толық есебін жүргізу үшін қаржылық міндеттемелердің құрылымын талдайтын статистикалық есеп беру нысандарының деректерін одан әрі жетілдіру қажет.

Қазақстан Республикасының "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Заңы қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларына тікелей салынған отандық және шет елдік инвестициялардың есебін жүргізу қажеттігі туды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінде Қазақстан

экономикасының басым секторларындағы инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша N 1-ИП нысаны жөнінде инвесторлардың әр тоқсан сайын есебін жинау және қорыту жұмыстары басталды.

Құрылыс кешенін реформалау меншік мөлшері, нысандары әр түрлі құрылыс ұйымдарының көбеюіне әкеп соқты, ал мұның өзі есептік деректерді жинауды қиындатты. Сондықтан байқаудың жаппай әдісінен іріктеу әдісіне іріктеу әдісіне көшу керек болды. Бұл үшін соңғы екі жылда құрылыс ұйымдарына қатысты статистикалық регистрді жасап, іске қосу жұмысы жүргізілді.

Құрылысты жаппай салу есептері мен нақты көлем индексінің есебін жүргізудің методологиялық құрал-сайманы, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің инвестициялық қызметін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі ҰШЖ-ның талаптарына сәйкес әзірленіп, өндіріске енгізілді.

**Мақсаты.** Кәсіпорындар статистикасының халықаралық деңгейде салыстырылатын шегінде құрылыс және инвестиция қызметінің статистикалық көрсеткіштерінің жүйесін одан әрі жетілдіруді, негізделген есептер жүйесімен толыққан жаппай және іріктеп байқау негізінде статистикалық байқаудың осы заманғы әдістерін қолдануды; статистикалық ақпаратты талдау мен жариялауды жетілдіруді және инвестициялар бойынша деректер базаларын қалыптастыруды қамтамасыз ету.

**Негізгі шаралар.** Инвестициялар статистикасының көрсеткіштерін қадағалау жөнінде халықаралық деңгейде салыстыруға болатын методологияны енгізу мақсатында "Инвестициялар статистикасының" техникалық көмегін алу жөніндегі жоба TACIS бағдарламасының шегінде Еуростатпен бірлесіп әзірленді. Бұл жобаның шегінде мынадай проблемаларды шешу ұйғарылды: инвестициялар статистикасы көрсеткіштерінің СНС-тың мүдделеріне сай келетін жүйесін анықтау; байқаудың статистикалық бірліктерін анықтау және оларды есепке алуды ұйымдастыру; байқау бірліктерін қамтудың толықтығын іріктеу шекараларына сәйкес қамтамасыз ету; көрсеткіштерді байқау бірліктерінің толық санына дейін есептеу методологиясын әзірлеу.

Инвестициялар статистикасының басты міндеті - шаруашылық жүргізуші субъектілердің инвестициялық қызметін сипаттайтын статистикалық көрсеткіштер жүйесін ұлттық шоттар жүйесіне сәйкес қайта қарау.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің инвестициялық қызметін статистикалық бақылау әдістері негізделген есептер жүйесімен толыққан жаппай және іріктеу әдістерін ұштастыру негізінде жетілдірілетін болады, сондай-ақ деректерді жинау мен өңдеудің жаңа технологиялары енгізілмекші.

Құрылыс өндірісінің статистикасында көрсеткіштер жүйесі жетілдіріліп, құрылыс ұйымдарының қызметін статистикалық бақылаудың осы заманғы әдістері енгізілетін болады. Мемлекеттік қаржы есебінен қаржыландыру іске

асырылатын құрылыс объектілеріне жүргізілген мердігерлік тендерлерді, сондай-ақ мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін кредиттерді сипаттайтын статистикалық көрсеткіштер жүйесі ендірілетін болады. Халықаралық сарапшылардың ұсыныстары мен басқа елдердің тәжірибесін зерттеуді есепке алып, жалпы құрылыс өнімін есептеу әдістерін жетілдіруді жүзеге асыру қолға алынбақшы.

**5.2.1.6. Бағалар статистикасы**

**Істің хал-жайы.** Республикамызда 1991 жылдан бастап статистиканың жаңа саласы - бағалар статистикасы пайда болды. Экономиканың барлық негізгі секторларындағы бағалар индекстерінің есептерін реттейтін методологиялық және нұсқамалық материалдар пакеті қысқа мерзім ішінде әзірленді. Өнеркәсіп өнімін өндірушілердің және тұтыну бағаларының индекстерін құру тәртібі МВФ-ның сараптауынан өтіп, халықаралық ұсыныстарға сай деп танылды.

1996-1998 жылдары бағалар статистикасында есеп айырысуларды ұлғайту жұмысы жүргізілді. Өнеркәсіп кәсіпорындары технологиялық процесс үшін сатып алатын өндірістік ресурстарға арналған бағаның өзгеруін сипаттайтын көрсеткіштер, сондай-ақ халықтың жекелеген топтарына арналған тұтыну бағаларының индекстері әзірленді. Облыстар бойынша ауыл шаруашылығы өнімі бағаларының айлық индекстер сериясы, кезеңдік статистикалық деректері негізінде экспорт және импорт өнімдерінің бағалар индекстері алынды.

**Мақсаты.** Бағалар статистикасының көрсеткіштерін дүние жүзілік практикада қабылданған методологиялық әдістерге толық сәйкес құруды одан әрі жетілдіру.

**Негізгі шаралар.** Экономиканың секторларында бағалар өзгерісін бағалаудың дәлдігін арттыру жөніндегі шаралар кешенін, оларды байқау әдістерін жетілдіру және жүзеге асатын есептер арқылы жүзеге асыру жоспарланады.

Бағалар индекстерін халықаралық аналогтер мен классификаторға бейімдеу мақсатында олардың кейбіреулері қайта қаралып, ұлғайтылады. Маусымдық тұтыну бағалары индексінің ықпалына түспейтін олардың есебі қарастырылмақшы.

Өндірістік сипаттағы қызметтер өндірушілердің бағалар индексін толықтырады. Құрылыс өндірісінде "компоненттерді құрау" әдісімен бағалар индексінің есебіне көшу ұйғарылды. Орман шаруашылығы мен ағаш дайындау өнімдерінің бағалар индекстері, экспорт және импорт өнімінің барлық өту жолдарын есепке алып, оның бағалар индекстері жасалатын болады. Бұдан басқа, экономиканың базалық салаларындағы шығындардың құрылымын және оның экономиканың өндірістік және тұтыну секторларындағы бағалардың деңгейі мен динамикасына ықпалын зерттеу мақсатында бір мезгілде зерттеу жүргізу жоспарланып отыр.

**5.2.1.7. Еңбек және еңбекпен қамту статистикасы**

**Істің хал-жайы.** 1993-1995 жылдары еңбек және еңбекпен қамту статистикасында реформалаудың бастапқы кезеңі жүзеге асты, ол көрсеткіштер жүйесінде елеулі өзгерістер мен тиісті халықаралық ұсыныстар мен стандарттарға сүйенетін методологиялық әдістерге қол жеткізді. Сондай-ақ экономикалық қайта құруды объективті түрде сипаттайтын ақпаратты жинау қамтамасыз етілді.

1996-1998 жылдары басты назар ақпарат жинаудың қолданылып жүрген салалық принципінен кәсіпорындар статистикасына бірте-бірте көшуге аударылды. Статистикалық деректердің халықаралық салыстырмалылығын қамтамасыз ету мақсатында экономикалық қызмет түрлерінің жаңа салалық классификациясына (ОКЭД) көшу жүзеге асты.

**Мақсаты.** Еңбек рыногы мен жалақы мәселелері жөнінде кезеңдік іріктеп зерттеуге көшуді жүзеге асыру.

**Негізгі шаралар.** Еңбек және еңбекпен қамту статистикасында көрсеткіштер жүйесін статистикалық есеп беру нысандарын, статистикалық бақылау әдістерін жетілдіру ісі одан әрі жүргізіле береді.

Бағдарламаның шегінде статистикалық байқау практикасына жұмыспен қамту және жұмыссыздық проблемалары жөнінде халықты (үй шаруашылықтарын) іріктеп зерттеу енгізілмекші.

Сондай-ақ мынадай зерттеулер жүргізу жоспарланды:

экономикалық қызметтің жекелеген түрлеріндегі негізгі мамандықтар мен лауазымдар бойынша қызметкерлердің саны және жалақысы туралы;

экономикалық қызметтің кейбір негізгі түрлері бойынша жұмысшы күшіне кететін шығындардың құны туралы.

Еңбек ресурстарының баланс есебінің әдістемесін одан әрі жетілдіру жұмысы бұдан былай да жалғасады.

**5.2.1.8. Кәсіпорындардың қаржы статистикасы**

**Істің хал-жайы.** Мемлекеттік статистиканы жетілдірудің осыдан бұрынғы бағдарламасын жүзеге асыру барысында бухгалтерлік есепке алудың жаңа жүйесін енгізу нәтижесінде статистикалық есеп берудің бұрынғы нысандары қайта қаралды (мемлекеттік статистикалық есеп берудің 4 нысаны негізінде - жүйеленген N 1- ПФ нысаны, өнім өндіру мен өткізу шығындары жөніндегі есеп берудің 2-нысаны негізінде - бір N 5 нысаны әзірленді, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің саны мен қозғалысы туралы есеп беру нысаны жетілдірілді), сондай-ақ құнды қағаздар рыногының өскелең роліне және мемлекеттік басқару органдары мен кәсіпорындардың құнды қағаздармен жасаған операциялардың кірістерін есепке алу қажеттігіне байланысты 1997 жылғы 1-тоқсанның есебінен бастап құнды қағаздар операциялары жөнінде жаңа статистикалық есеп беру енгізілді.

**Мақсаты.** Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысының жайы, олардың өнім өндіру мен өткізуге жұмсаған шығындары туралы нақты мәлімет алу. Негізгі қорлар бойынша баланстық таблицаларды талдау мен жариялау оларды құру әдістерін жетілдіру.

**Негізгі шаралар.** Жаңа Бағдарлама шегінде кәсіпорындардың қаржы статистикасының, сондай-ақ негізгі қорлар статистикасының қаржылық көрсеткіштерін халықаралық қаржы стандарттарына сәйкес одан әрі жетілдіру көзделуде. Республика облыстарының кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы өзара есеп айырысу жайы туралы ақпарат алу үшін "Республика кәсіпорындарының өз ара есеп айырысу жайы туралы" бөлім жүргізілетін болады .

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы қызметін жаппай және іріктеу әдістерін ұштастыру негізінде статистикалық бақылаудың әдістерін одан әрі жетілдіре беру көзделген. Мәселен, сеніп басқаруға берілген кәсіпорындар жөніндегі деректерді жинап, өңдеу белгіленді. Меншік нысандарының, қызметтің шағындылығы мен түрлерінің халықаралық жіктемелеріне бұдан былай көшпекші. Жеткілікті мөлшерде толық ақпарат алу үшін кәсіпорындардың қаржы статистикасы жөнінде деректер базаларын қалыптастыру қажеттігі туындайды. Негізгі қорлардың ақпараттық базасын, саны мен қозғалысы туралы ақпаратты жинау мен өңдеу әдістерін одан әрі жетілдіру көзделуде.

### 5.2.2. Сыртқы сектор статистикасы

#### 5.2.2.1. Сыртқы сауда статистикасы

**Істің хал-жайы.** 1994 жылға дейін республикамыздағы сыртқы сауда жөніндегі деректер шашыранды сипатта болды. Алайда 1994 жылдан бастап сыртқы сауда жөніндегі ақпаратты жинаумен қатар статистикалық мақсат үшін жүк кеден декларацияларын (ЖКД) статистикалық есеп беру негізінде өңдеу басталды, сөйтіп сыртқы сауда статистикасы бойынша бірыңғай ақпараттық база қалыптаса бастады.

1995 жылдан бастап кәсіпорындардың есеп беруі тоқтатылып, барлық ақпарат кедендік статистиканың деректеріне сүйенетін болды. "ТМД-ге қатысушы мемлекеттердің сыртқы саудасы кедендік статистиканың бірыңғай методологиясы" қабылданып, іске қосылды, ТМД елдері үшін халықаралық деңгейде қабылданған тауарлар мен қызметтердің үйлесімді жүйесімен (ҮЖ) 6 белгі деңгейінде салыстырылатын Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы (СЭҚТН) және АҚШ доллармен бірыңғай құндық баға пайдаланыла басталды. 1998 жылдың қаңтарынан бері Қазақстанда ТДМ-інің СЭҚТН-і қолданылып жүр.

Қазіргі кезеңде сыртқы сауда статистикасы бойынша басты проблема - ақпараттың анықтығы мен оны қамтудың толықтығын қамтамасыз ету.

Біріншіден, кедендік статистика жөніндегі деректер шоғырланбалы негізде қалыптасады және оларда бір айда рәсімделген, ал басқа кезеңнің жинағына енгізілген декларациялардың ауыспалы қалдықтары болады. Екіншіден, кедендік статистиканың көлеміне ұйымдаспаған сауда шегінде ауысып жүрген тауарлар кірмейді.

Бұдан басқа, ауысып жүрген тауарлар құндық бағалары бойынша да зор қиындықтар бар, экспорт пен импорттық орта бағаларының деңгейін бақылауды ұйымдастыру қажеттігі пайда болды.

**Мақсаты.** Сыртқы сауда статистикасын одан әрі жетілдіру, сыртқы сауда жөніндегі деректердің анықтылығы мен толықтығын жақсарту. Кедендік одақтың шегінде сыртқы сауда жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз ету, статистикалық деректердің динамикалық қатарларын құру.

**Негізгі шаралар.** Сыртқы сауда статистикасында статистикалық деректерді жинау, өңдеу мен сақтау процесін одан әрі жетілдіру, келіп түсетін ақпараттың дұрыстығы мен толықтығын бақылауды күшейту жоспарланған.

Кеден органдары кеден қызметінің бірыңғай автоматтандырылған жүйесін енгізгеннен кейін ЖКД-ні жинау мен өңдеудің жаңа технологиясына көшу жоспарланып отыр, ол сыртқы сауда жөніндегі шығатын ақпаратты "таза" айлар негізінде табыс етуге мүмкіндік береді.

Барлық сыртқы сауда операцияларын толық қамтуды қамтамасыз ету үшін Кеден комитетінің мамандары жеке тұлғалар таситын тауарлар мен көлік құралдары жөніндегі ақпаратты қажетті статистикалық деректерді дайындап алып, есептеу мен өңдеудің автоматтандырылған жүйесін енгізуді белгіледі.

Сыртқы сауда статистикасы жөнінде алынатын деректердің сапасын арттыру мақсатында "айналық" статистика негізінде екі жақты салыстырулар жүргізу жұмыстарын жалғастыру жоспарланған. Алғашқы кезеңде бұл жұмысқа Орта Азия мемлекеттерінің статистикалық қызметі қатыстырылады, одан кейін қатысушы елдердің ауқымы ұлғаяды.

Сонымен қатар кеден комитетінің құрылымында арнаулы бөлімше құру жоспарланды, оның міндеті - кеден шекарасы арқылы өту үшін ресімделуге берілетін бақылау бағалық база қалыптастыру.

1995 жылдан бастап барлық тауарлар мен елдердің сыртқы саудасы жөніндегі ақпарат бар. Осыған байланысты тауарлардың экспорты (импорты) жөніндегі қолда бар деректерді тәртіптеп, пайдалануға қолайлы динамикалық хабарлар түрінде табыс ету жоспарланды. Олар кейіннен үнемі өзгеріп, жаңаратын болды.

**5.2.2.2. Төлем балансы статистикасы**

**Істің хал-жайы.** 1992 жылғы шілде айынан бастап республикамызда ХВҚ-ның Статистика басқармасы мамандарының техникалық жәрдемімен төлем балансын жасау жүйесін енгізу жұмысы басталды. 1993 жылы ХВҚ миссиясы ұсынған

деректерді жинауға арналған сауалнамалардың макеттері негізінде республикамыздың Статмемкомы төлем балансы жөнінде статистикалық есеп беру нысандарын енгізді. Осы уақыттан бастап Статмемком төлем балансын тоқсан сайын жасауды қолға алды. 1994 жылдан бері төлем балансын жасау ХВҚ-ның "Төлем балансы жөнінде басшылық" жинағының 5-басылымына сәйкес іске асуда.

1997 жылғы екінші тоқсаннан бері Үкіметтің 1997 жылғы 25-сәуірдегі N 659 қаулысымен жиынтық төлем балансын қалыптастыру Қазақстанның Ұлттық банкіне берілді. Статагенттік сол кезден бастап үкіметтің осы қаулысына сәйкес жинау, өңдеу және жинақтау статистикалық органдарға жүктелген статьялар бойынша Ұлттық банкке деректер беріп келеді.

**Мақсаты.** Сыртқы экономикалық операцияларды іске асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерді барынша мол қамту, ақпараттың сапасын арттыру үшін арнаулы бір мезгілдік зерттеулер жасау.

**Негізгі шаралар.** Төлем балансы статистикасының саласындағы басым міндеті - төлем балансы жөніндегі деректерді жинау, өңдеу және тарату методологиясы мен процедурасын жетілдіру.

Өз қызметінің құрамында сыртқы экономикалық операциялары бар шаруашылық жүргізуші субъектілердің барынша толық қамтылуын бірінші кезекте қамтамасыз ету. Осындай шаруашылық жүргізуші субъектілердің реестрін жүйелі түрде жариялау жоспарда бар.

Төлем балансындағы ақпараттың сапасын арттыру үшін мыналарды бір мезгілде зерттеу жоспарланған:

- мигранттарды - әкелетін немесе әкететін капиталдың мөлшерін анықтау үшін;
- тынымсыз тасымалдаушыларды - кедендік статистикаға ілінбеген экспорттың (импорттың), олардың тауарлық және елдік құрылымын анықтау үшін;
- халықаралық туризм қызметінің саласын.

Зерттеу бағдарламасы елдер бойынша қосымша мәліметтер есебінен жыл сайын ұлғаятын болады.

Сыртқы сауда статистикасында қызметтер мен елдерді жіктемелеуде неғұрлым тәптіштеп бөлуді қамтамасыз ету, сондай-ақ негізгі әріптес елдер бойынша төлем балансының баптарын қалыптастыруға кірісу жоспарланады.

1998 жылғы бірінші тоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банк секторы бойынша, 2001 жылғы бірінші тоқсаннан бастап - экономиканың барлық секторлары бойынша халықаралық инвестициялық позицияны қалыптастырады. <*>

Ескерту. 4-абзац өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.06.29. N 974

қ а у л ы с ы м е н .

Ескерту. 2.2.2.2.-бөлімшелер 5.2.2.2.- болып саналды, 12 абзац жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1434 қаулысымен.

**5.2.2.3. Сыртқы борыш статистикасы**

**Істің жай-күйі.** 1994 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстанның Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен бірлесіп, мемлекет кепілдік берген сыртқы борыштың (шетелдік кредиттерді пайдалану және өтеу туралы тоқсандық есептілік (11-ОБ нысаны)), сондай-ақ мемлекеттік сыртқы борыштың және оған қызмет көрсетудің (14-ПБ нысаны бойынша ресми шетелдік қарыздар жөніндегі тоқсандық есептілік) мемлекеттік статистикалық есебін ұйымдастырып, қамтамасыз етіп келеді. <*>

1999 жылдың ортасында сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар, соның ішінде бірлескен және шетелдік кәсіпорындар мен шетелдік кәсіпорындардың филиалдары үшін N 1-ПБ "Резидент еместерге қойылатын қаржылық талаптар және олардың алдындағы міндеттемелер туралы есеп" мемлекеттік статистикалық есептілігінің нысаны бекітілген, оны жинауды және өңдеуді Ұлттық Банк жүргізеді. Бұдан басқа, Ұлттық Банк валюталық заңнама шеңберінде капиталдың қозғалысына байланысты, Қазақстан Республикасына 100 мың АҚШ долларының баламасынан асатын сомадағы мүліктің (қаражаттың ) түсуін көздейтін валюталық операцияларды тіркеуді жүргізеді. <*>

Алынған ақпарат негізінде мемлекет кепілдік берген және мемлекет кепілдік бермеген мемлекеттік сыртқы борыштың жай-күйі мен қызмет көрсетілуіне талдау, сондай-ақ еліміздің жалпы сыртқы борышын бағалау қамтамасыз етіледі. < * >

Мемлекеттің кепілдігі жоқ сыртқы борышты бағалау үшін кәсіпорындардың ( ұйымдардың) өз ара есеп айырысуларының жайы туралы статистикалық есеп беру (Қазақстан кәсіпорындарының резидент еместерге кредиттік берешегі) п а й д а л а н ы л а д ы .

**Мақсаты.** Сыртқы қарызды қамтудың толықтығын, бағалаудың дәлдігін және талдаудың тереңдігін қамтамасыз ету мақсатында қарыз алушылардың барлық категориялары үшін, кәсіпорындардың кредиттік берешегі жөніндегі есебін қоса, статистикалық есебінің нысандарын одан әрі жетілдіру; сыртқы қарыздар жөніндегі деректер базасын жүргізу және сыртқы борыштар жөніндегі статистикалық ақпаратты ұдайы жариялап отыру.

**Негізгі шаралар.** Мемлекеттік мониторинг пен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш мемлекеттік емес сыртқы борыш, мониторинг жүйелерін Қазақстан Республикасының статистикалық органдар жүйесі мен өз ара іс-әрекетте интеграциялау іске асатын

болады.

Коммуникация құралдарын, есептеу және ұйымдық техниканы пайдаланып, есептік деректерді жинау және өңдеу технологиясы жетілдіре береді.

Сыртқы борыш статистикасында мыналарды жүзеге асыру жоспарланған:

- сыртқы қарыздардың есебін алу мен мониторингін жетілдіру үшін нормативтік базаны бұдан былай да әзірлеп беру;
- статистикалық есеп берулердің көрсеткіштері мен нысандарын жетілдіру;
- түсетін ақпараттың дұрыстығы мен толықтығын бақылауды күшейту;
- сыртқы борышты мониторинг және талдау DMFAS - 5.0 компьютерлік жүйесін енгізу (Қаржымині, Ұлттық банк, Эксимбанк - Қазақстан).

Ескерту. 2.2.2.3.-бөлімшелер 5.2.2.3.- болып саналды, 1 абзац жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1434 қаулысымен.

**5.2.3. Мемлекеттік сектор статистикасы**

**5.2.3.1. Мемлекеттік бюджет статистикасы**

**Істің хал-жайы.** Республикамызда экономикалық реформаларды жүргізу бюджеттік жүйеде де реформа жасау қажеттігін туғызды.

Республикамызда бюджеттік жүйенің реформасы негізгі құжат болып табылатын және бюджеттік жіктеме әзірлеуден басталды, қазір оның негізінде республикалық және жергілікті бюджеттер жасалып, атқарылуда.

1997 жылы ішінде Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының кірістері мен шығыстарының жаңа бюджеттік жіктемесіне көшуді іске асырды. Шығыстар жіктемесінің функциялық ведомстволық және экономикалық құрылымдар бойынша жүргізілді. Бюджет шығыстары жіктемесінің үш түрі де өз ара тығыз байланыста және жіктеменің бір түрінен екіншісіне оп-оңай көшуге болады.

Жаңа бюджеттік жіктеменің артықшылығы - ол бюджетті республикадағы макроэкономикалық жағдаймен, республикада жүріп жатқан ақша-кредит саясатымен және төлем балансымен, яғни макроэкономикалық талдаудың барлық құралдарымен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Ақпарат беруді тәртіптеу мақсатында мемлекеттік республикалық және облыстық бюджеттердің орындалуы туралы есептердің жаңа нысандары әзірленді.

1997 жылы бюджеттің орындалуы туралы есеп беруді табыс ету жөнінде әдістемелік нұсқаулар әзірленіп, тұрақты жетілдіріледі. <*>

Ақпаратты жинау, өңдеу және беру мерзімдерін қысқарту үшін жаңа ақпараттық технологиялар енгізілді.

**Мақсаты.** Бюджеттік процестің методологиясын, мемлекеттік қаржы статистикасы бойынша көрсеткіштер жүйесі мен нысандарын халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес жетілдіру, бағдарламалық кешендерді дамыту.

**Негізгі шаралар.** Қаржы көрсеткіштерінің бірыңғай ақпараттық базасын жасап, жүргізу, жекелеген қаржы көрсеткіштерін есептеу тәртібін жүйелеу, монетарлық шоттармен байланысты жетілдіру жұмыстары жалғасын табады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттерінің, ішкі және сыртқы борыштардың орындалуы туралы магниттік және қағазға түсірілген ақпаратты беру тәртібін анықтау мен реттеу жоспарланған.

Ескерту. 2.2.3., 2.2.3.1.-бөлімшелер 5.2.3., 5.2.3.1.- болып саналды, 6 абзац өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1434 қаулысымен.

**5.2.4. Қаржы секторы статистикасы**

**5.2.4.1. Қаржы секторы статистикасы**

**Істің хал-жайы.** Ақша-кредит және қаржы статистикасы қаржы операциялары мен қалдықтары (қордалары) жөніндегі деректерді жүйелік ұйымдастыруға негізделген. Оның методологиясына өз ара байланысты көрсеткіштер, секторлар мен құралдар жіктемесінің анықтаулары жүйелерінің жиынтығы енеді. Мұның өзі қаржыны есепке алу мен есеп беру деректерін дәйекті ұйымдастыруға қол жеткізеді.

Бухгалтерлік баланс ақша-кредит статистикасын жасауға негіз болып табылады. Қазақстанның Ұлттық банкі мен екінші деңгейдегі банктеріндегі бухгалтерлік есепке алу жоспары шоттарының ақша-кредит және қаржы статистикасы жөніндегі басшылығына сәйкес аналитикалық шоттар мен ақша агрегаттарына шоғырланып, жіктеледі.

Ақша-кредит статистикасын жасауды жақсарту мақсатында екінші деңгейдегі банктерде бухгалтерлік есепке алу шоттарының Тәптіштелген Жоспары әзірленіп, бекітілген, ол экономиканың секторлары мен резиденттіктің белгісі бойынша шоттарды тәптіштеуді жүргізуге мүмкіндік береді. 2001 жылғы желтоқсаннан бастап ақша-кредит статистикасының талдамалы негізі тұжырымдамалар мен анықтамаларды көрсетеді, олар тұтастай алғанда ақша-кредит және қаржылық статистикасы жөніндегі Басшылықтың ұсыныстарына сәйкес келеді. <*>

**Мақсаты.** Есепке алу мен статистиканың халықаралық стандарттарына толық көшу.

Статистикалық методология стандартталған статистикалық жүйені экономикалық саясаттың міндеттерімен, экономикалық саясатқа жауап беретін органдар пайдаланатын индикаторлармен және аралық көрсеткіштермен байланыстыруға, сондай-ақ мемлекеттік реттеу органдарының экономика саясаты құралдарының жиынтығын есепке алуға тиіс.

**Негізгі шаралар.** Жоғарыда аталған мақсатқа жету үшін мына шараларды іске асыру жоспарланып отыр;

- есепке алу мен статистиканың халықаралық стандарттарына көшуді

қамтамасыз ететін қосалқы есептің конвертациясын аяқтау;

- классификациялаудың халықаралық жүйесіне кезең-кезеңмен көшуді және ХВҚ-ға мүше елдердің ақпараттық-статистикалық жүйелерінде қолданылатын экономикалық және әлеуметтік ақпаратты кодтауды жүзеге асыру;

- -қаржылық шолу жасау мақсатында кредиттік серіктестіктер мен қалған банктік емес қаржылық ұйымдардың шоттарын енгізу есебінен институционалдық қамтуды ұлғайту; <*>

- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Статагенттік арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету.

Ескерту. 2.2.4., 2.2.4.1.-бөлімшелер 5.2.4.,.5.2.4.1.- болып саналды, 3 абзац жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1434 қаулысымен.

**5.2.5. Әлеуметтік сектор экономикасы**

**5.2.5.1. Демография статистикасы**

**Істің хал-жайы.** Қазіргі кезде Қазақстанда әзірленіп жатқан халық статистикасы жөніндегі көрсеткіштер жүйесі Мекемеаралық жұмысшы тобы ( ЮНИСЕФ, ЮНФПА, ПРООН, БҰҰ секретариатының статистика бөлімі) белгілеген басым көрсеткіштердің тізбесіне негізінен сәйкес келеді.

Қазіргі кезде Статагенттік енгізіп жатқан "Демографиялық есептер" бағдарламалық кешені уақыт аясында халықтың жынысы мен жасы бойынша саны мен құрылымындағы және аймақтар бойынша демографиялық процестерді сипаттайтын ақпарат алуды қамтамасыз етуге тиіс.

Сонымен бірге таяу жылдарда бірқатар проблемалар өз шешімін табуға тиіс. Мәселен, 1989 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) 1993 жылдың 1-қаңтарынан іске қосу ұсынған Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың X қайта қараудың (МКБ - 10) халықаралық статистикалық жіктемесі Қазақстанда күні бүгінге дейін пайдаланылмай отыр. Қазіргі кезде республикамызда демографиялық статистикада өлімнің себептері жөніндегі деректерді топтастырғанда IX қайта қараудың (МКБ - 9) Ауруларды, жарақаттар мен өлімнің себептерін халықаралық жіктемелеу пайдаланылады. Тірі туғандар мен өлі туғандар жөніндегі негізгі белгілер де осы ұғымдардың халықаралық анықтамаларымен сәйкес келмейді.

**Мақсаты.** Демографиялық статистиканың көрсеткіштер жүйесін одан әрі жетілдіру, ақпараттық базаны жасап, жетілдіру, мемлекеттік демографиялық саясатты әзірлеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін демографиялық ахуалды зерттеу жөнінде іріктеп зерттеу жүргізу, Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың, X қайта карауға (МКБ - 10) халықаралық статистикалық жіктемесін енгізу.

**Негізгі шаралар.** ВОЗ-дың, ЮНИСЕФ, ЮНФА, ПРООН мекемеаралық жұмыс тобының, БҰҰ секретариатының статистикалық бөлімінің ұсыныстарына және

Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне сәйкес халықтың туу, өлу және көші-қоны көрсеткіштерін толықтыру мен қадағалау одан әрі жүргізіледі. Өлім себептерінің статистикалық көрсеткіштері, Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың, (МКБ-10) халықаралық статистикалық жіктемесіне, Х қайта қарауға сәйкес қайта қаралатын болады.

ТАСИС бағдарламасы шегінде халықтың көші-қонын, оның табиғи қозғалысын бақылауды, сондай-ақ іріктеп зерттеуді ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ынтымақтастықта жұмыс істеледі. Халықтың ұрпақ өсіруге енжарлығы мен көші-қоны себептері жөнінде арнаулы демографиялық іріктеп зерттеу жүргізіледі.

Халықтың Регистрін - тұрғындардың есімдері жазылған және ұдайы толығып отыратын тізбесін әзірлеп, енгізу жүзеге асырылады, бұл тізбе халықты әкімшілік есепке алу мақсатына пайдаланылады және ПЭЕМ-ді қолданып, байқау, кодтау бағдарламасының тіркеу принциптері мен әдістерінің біркелкілігін қамтамасыз ететін халықаралық автоматтандырылған картотекасы түрінде жалғыз құжатнама болып табылады.

### 5.2.5.2. Әлеуметтік және экология статистикасы

**Істің хал-жайы.** Әлеуметтік сала мен қоршаған ортаны статистикалық бақылау көп салалы әрі көп қырлы сипатты және ол білімді, ғылымды денсаулық сақтауды, мәдениетті, халықты әлеуметтік қорғауды, хұқық бұзушылық пен экологияны қамтиды. Мұның өзінде деректерді статистика органдары да, салалық министрліктер мен мемлекеттік комитеттер де жинайды.

Статистиканы реформалаудың бұдан бұрынғы бағдарламалардың шегінде әлеуметтік және экологиялық статистикадағы статистикалық көрсеткіштер жүйесін халықаралық талаптарға сәйкес келтіру жұмыстары орындалған еді. Алайда олар бұл салалардағы халықаралық стандарттар мен жіктемелерді енгізудің кешеуілдеуіне байланысты аяқталмай қалды.

**Мақсаты.** Әлеуметтік және экологиялық статистиканың көрсеткіштер жүйесін , статистикалық бақылау әдістерін, ақпаратты жинау мен өңдеу технологиясын жетілдіру.

**Негізгі шаралар.** Әлеуметтік және экологиялық статистикада халықаралық салыстыруды қамтамасыз ететін көрсеткіштер жүйесіне көшу ұйғарылды. Атап айтқанда, әлеуметтік статистиканың мына бөлімдері бойынша көрсеткіштер жүйесін, оларды есеп методологиясын әзірлеп, зерттеудің іріктеу әдісіне көшу қажет:

өндірісте жарақат алу, кәсіптік аурулар және соларға байланысты материалдық шығындар;

еңбек ету жағдайы, зиянды және қауіпті жағдайдағы еңбекке төленетін жеңілдіктер мен өтемдер материалдық шығындар мен оған байланыстылар;

өнеркәсіп кәсіпорындарындағы технологиялық инновациялар; қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар.

Денсаулық сақтау статистикасында статистикалық ақпаратты жинаудың, өңдеу мен берудің жаңа технологиясына (N 1 - денсаулық нысаны бойынша) көшу, медициналық мекемелердің материалдық-техникалық базасын, олардың медициналық препараттармен және тағаммен қамтамасыз етілуін бір мезгілде зерттеу жоспарланып отыр.

Бас прокуратураны, оның аудандық буындарының құқықтық статистика мен ақпараттар орталығының бөлімшелерін толық автоматтандыру мен компьютерлендіруді қамтамасыз ету.

**5.2.5.3. Үй шаруашылығы статистикасы**

**Істің хал-жайы.** Үй шаруашылығының статистикасында пайдаланып жүрген зерттеу бағдарламасы негізінен оның ақшалай кірісі мен шығысын ғана есепке алуға жарамды еді. Ақпараттың толықтығын қамтамасыз ету үшін соңғы жылдары жеке қосалқы шаруашылықтан түскен кірісті, тағамдарды ішіп-жеуді, тұрғын үй мен оны көркейтуді, т.с.с. кейбір қосымша зерттеулер енгізілді. Осы көрсеткіштердің жиынтығынан халықтың күн көріс жағдайы мен деңгейі бірте-бірте қалыптасады. Сондай-ақ үй шаруашылығын іріктеп зерттеуді ұйымдастыру әдістерін пайдалануда да проблемалар бар.

**Мақсаты.** Үй шаруашылығын зерттеудің бір-өкілі шараларынан кешенді бағдарламаларына көшу, таңдаудың репрезентативтігін жақсарту, халықтың күн көріс деңгейін жан-жақты сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін іске қосуға мүмкіндік беретін қолданбалы бағдарламалар пакетін енгізу шараларын іске асыру.

**Негізгі шаралар.** Күн көріс деңгейін сипаттайтын көрсеткіштердің модельдік құрамы негізінде көрсеткіштердің тиісті жүйелік блогы жасалады. Жұмыспен қамту, білім, қызметтер, т.с.с. салаларға қосымша көрсеткіштерді енгізуге арналған сұрақнама қағаздары қайта қаралады. 1999 жылдан бастап кедейлік жағдайларының мониторингі мен қаншалықты екенін енгізу ұсынылады.

Үй шаруашылықтарының қазіргі жүйесіне жыл сайын ротация жүргізу мақсатында тиісті ұсыныстар әзірленеді. Бұдан былай үй шаруашылықтарының жүйесін қайта қарап, жаңадан жасау көзделуде.

**5.2.6. Қазақстан мен оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын кешенді талдауды жетілдіру**

Қазақстан мен оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын кешенді талдауды жетілдіру мақсатында жалпы мемлекеттік және аймақтық деңгейлерде күн көріс деңгейінің экономикалық артуы мен өзгеруі проблемаларын зерттеуге мүмкіндік беретін макроэкономикалық

көрсеткіштердің жүйесін анықтау жұмысы жүргізілуге тиіс.

Көрсеткіштердің осы жүйесін пайдаланып, талдаудың сапасын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік басқару органдарына мүшкіл халдарды шешу жөнінде шаралар қолдануға жәрдемдесу үшін жекелеген салалар мен аймақтардың дамуындағы көлеңкелі үрдістер мен диспропорцияларды тауып, талдау жасауға мүмкіндік беретін экономикалық-статистикалық әдістер мен моделдер кейінірек пайдаланылуға тиіс.

Әлеуметтік-экономикалық проблемалар мен оларды шешу жолдарын ( мысалы, қаржы және төлем күйзелістерін, инвестициялық-құрылымдық қайта құруларды, т.с.с.) талдау әдістерін жасап, жетілдіру көзделуде.

### 5.3. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және бірыңғай ақпараттық статистикалық ресурстарды қалыптастыру

#### 5.3.1. Статистика органдарын одан әрі техникалық және бағдарламалық-технологиялық қайта жарақтандыру

**Істің хал-жайы.** Соңғы кезде Қазақстан статистикасының жүйесіне есептеу техникасы халықаралық ұйымдар есебінен түсіп жүр, бірақ оның саны жүйенің қажетін қанағаттандырмайды. 1994-96 жылдары ТАСИС-тің жобасы бойынша 29 жеке компьютер келіп түсті, 1995-97 жылдары нақты міндеттерді шешуге МБРР-дың қаржысы есебінен 90-ға жуық компьютер алынды. Қазіргі кезде статистикалық парктің жартысынан астамы-XT класындағы РС-інің моральдық ескіріп әбден тозған компьютерлері мен 486 PC IBM типті компьютерлері. Парктің қалған бөлігі - Pentium 60 Mhz-ден Pentium PRO 200 Mhz-ге дейінгі компьютерлер, аз ғана бөлігі - Pentium II компьютерлері.

1998 жылы техникалық және технологиялық база жасаудың бірінші кезеңін жүзеге асыру басталды. Оның көмегімен Статагенттік статистиканы жетілдіру жұмысын нақты жүргізе алады. Оған мына жайттар енеді:

- барлық облыстық статистика басқармаларын аз ғана сервермен және жұмыс станциясымен, 15 жеке компьютермен; жүйелік, офистік және коммуникациялық жабдықтармен (жүйелік принтерлер, сканерлер, факс-модемдер, көшірмелік ақпараттар) жарақтандыру; бағдарламалық қамтамасыз ету (операциялық жүйелер, желілік бағдарламалық өнімдер, СУБД жеке статистикалық әзірлемелер ); статистика басқармаларының мамандарын оқыту;
- орталық ақпарат мен оның Ақпарат-есептеу орталығын Intel платформадағы жұмыс стансаларымен және түрлі класты жеке компьютерлермен: желілік, офистік және коммуникациялық жабдықпен (желілік принтер, сканерлер, факс-модемдер), көшірмелік аппараттар, т.с.с) жарақтандыру; бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын (Windows NT, Windows 95 операциялық жүйелері, желілік бағдарламалық өнімдер, орта класты СУБДЮ, қолданбалы

бағдарламаларды әзірлеудің бағдарламалық құралдары, коммуникациялық бағдарламалық өнімдер, жергілікті есептеу жүйелері мен деректердің бөлінген базаларын басқару құралдары, статистикалық бағдарламалық өнімдер) орнату; мамандарды оқыту;

- жергілікті есептеу жүйелерін монтаждау және орнату.

**Мақсаты.** Қазақстанның мемлекеттік статистика органдарын толық техникалық және бағдарламалық-технологиялық қайта жарақтандыруды іске асыру.

**Негізгі шаралар.** 1999 жылдың техникалық қайта жарақтандырудың бірінші кезеңін аяқтау көзделуде, оның негізгі қорытындысы - барлық облыстық статистика басқармаларында ЛВС-ның пайдаланыла басталуы және агенттіктің орталық аппаратындағы әрбір жұмыс орнын жеке компьютермен жабдықтау болмақ.

Жаңа ақпараттық технологияларға көшуді қамтамасыз ету үшін мынадай шаралар жүзеге асырылады:

деректерді "клиент-сервер" технологиясы бойынша өңдеуге көшу;

Интернет пен Интранет технологияларын енгізу;

деректерді интеллектуалдық талдау технологияларын игеру.

Мемлекеттік статистиканың техникалық базасын одан әрі дамыту үшін статистиканы техникалық және бағдарламалық-технологиялық қайта жарақтандырудың екінші кезең жөніндегі жоба 2002-2005 жылдары іске асуға тиіс.

Статистиканы бағдарламалық-технологиялық қайта жарақтандырудың осындай шараларын 1999-2005 жылдарда статистика қызметін жүргізетін басқа да орталық атқарушы органдар мен ведомстволар жүргізуге тиісті.

### 5.3.2. Ақпаратты жинаудың, берудің, өңдеу мен табыс етудің тындырымды технологиясын енгізу

Статагенттіктің деректерін берудің қазіргі жүйесі тиянақталмаған. Ол ескірген бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен ұйымдастырылған, байланыстың коммутаторлық желілерін пайдалану салдарынан онда іркілістер болып тұрады. Сондықтан облыс - орталық буынында деректерді берудің жаңа жүйесі жасалмақшы. Осының нәтижесінде 2000-2001 жылдары статистикалық ақпаратты жинаудың, берудің, өңдеудің, қордалау мен табыс етудің тындырымды технологиясына көшу мүмкін болады.

Ақпаратты өңдеудің қағазсыз технологиясына көшу үшін мына шаралар жүзеге асырылады:

"аудан-облыс" буынында деректерді берудің жүйесін ұйымдастыру;

статистикалық есеп берудің ақпаратты сканерлік оқуға мүмкіндік беретін нысандарын енгізу;

есеп берулерді телекоммуникация желілері бойынша жинау нысанына көшу.

### 5.3.3. Бірыңғай ақпараттық статистикалық ресурстарды қалыптастыру

Мемлекеттік статистика жүйесіне статистикалық ақпаратты тындырымды электрондық өңдеуді қамтамасыз ететін жаңа ақпараттық технологияны енгізу статистика қызметінің саласында бірыңғай ақпараттық ресурстар жасауға мүмкіндік береді.

Нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай қоры құрылады, оған жіктемелердің автоматтандырылған банкі, әкімшілік және статистикалық регистрлер, жеке кәсіпкерлер реестрі, сондай-ақ статистикалық көрсеткіштердің каталогы (жіктемесі) енеді.

Нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай қоры негізінде деректердің интеграцияланып, республиканың статистика салалары мен облыстары бойынша бөлінген базалары республикалық және аймақтық деңгейлерде жасалмақшы. Деректерді сенімді сақтау мен басқаруды, оның барлық функциялық кешендерінің толассыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін бөлінген деректер базаларының әкімдер қызметі жұмыс істей бастайды.

Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және бірыңғай ақпараттық статистикалық ресурстарды жасау статистикалық ақпаратты пайдаланатын еліміздің басқару органдарын, іскер топтары мен жұртшылыққа телекоммуникациялық қызмет көрсетуді дамытуға мүмкіндік береді.

### 5.4. Статистикалық деректерді жариялау мен тарату жүйесін жетілдіру

Барлық деңгейдегі пайдаланушыларды сапалы әрі қажетті статистикалық ақпаратпен толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету мақсатында Статагенттік таяу уақытта полиграфиялық базаны осы заманғы жабдықтармен, байланыс құралдарымен және осы мақсатқа қажетті басқа да құрал-саймандармен одан әрі қайта жарақтандыруды және баспа қызметін жетілдіруді жоспарлап отыр.

Бұл статистикалық деректерді табыс етудің нысандарын түрлендіруге ( графиктер, чистограммалар, таблицалар), жарияланымдардың дизайны мен безендірілуін жақсартуға мүмкіндік береді.

1999 жылы Статагенттіктің жарияланымдардың ұлғайтылған жүйесін ( сериясын) ұлттық деңгейде бекіту, ал одан кейін статистикалық көрсеткіштер каталогы мен нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесі негізінде деректердің интеграцияланған статистикалық базасын енгізуді есепке алып, оларды жыл сайын қайта қарап отыру жоспарлануда.

1999 жылдан бастап, ал одан кейін жыл сайын Статагенттіктің

жарияланымдар жүйесін (сериясын) жетілдіру және барлық деңгейдегі пайдаланушыларды сапалы әрі рыноктық жағдайға бейімделген статистикалық ақпаратпен жабдықтау мақсатында маркетингтік зерттеулер жүргізу және статистикалық деректерді пайдаланушылармен конференциялар өткізу ұйғарылды, пайдаланушылардың каталогын жасау белгіленді.

Жаңа статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың көпшілігі оны түсінуін қамтамасыз ету үшін статистикалық анықтамалықтарда статистикалық терминдердің түсіндірмелерін, сондай-ақ көрсеткіштердің есебін алу методологиясын жариялау көзделуде.

Статагенттіктің жарияланымдар тарату жүйесін ұлғайту және республика экономикасының даму үрдісін басқа елдермен салыстырып, талдау үшін 1999 жылдан бастап пайдаланушыларға статистикалық ақпаратты электронды және басқа байланыс құралдары, атап айтқанда, Интернет арқылы беруді енгізу белгіленді, мұның өзінде халықаралық ұйымдармен және басқа елдердің статоргандарымен өзара ақпарат алмасу қамтамасыз етіледі.

Республикалық жарияланымдардың сапасын жақсарту мақсатында ТМД, Еуропалық Одақ елдерінің Жапонияның және басқаларының статистикалық анықтамалар жасау жөніндегі тәжірибесін жете зерттеп, пайдалану көзделуде.

### 5.5. Статистика және ақпараттық технологиялар саласындағы кадрларға үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру

Рыноктық экономикаға көшу және статистикалық деректердің көрсеткіштер жүйесі, олардың есебін алу методологиясы, оларды жинау, өңдеу, тарату мен талдау жөніндегі статистиканы тиісінше реформалау статистика мен ақпараттық технологиялар саласындағы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың осы заманғы жүйесін жасауды қажет етеді.

"Статистика" мамандығы бойынша арнаулы жоғары, орта және бастауыш кәсіптік білім берудің мемлекеттік білім стандартын әзірлеу осы міндетті шешудің аса маңызды шарасы болып табылады. Осының негізінде бірыңғай оқу жоспарлары мен бағдарламалары әзірленіп, енгізілуге, оқу-әдістеме әдебиеті басылып шығарылуға тиіс.

Статистика саласындағы кадрлар, сондай-ақ барлық деңгейдегі оқу орындарының оқытушылары даярлануы мен қайта даярлануы қамтамасыз етілуге тиіс. Статистикалық деректерді пайдаланушылар үшін оқу курстарын ұйымдастырудың маңызы аз емес.

### 5.6. Статистика саласында халықаралық ынтымақтастық

**Істің хал-жайы.** Еуростат, БҰҰ-ның статбөлімдері және УЭК-і, ХВҚ сияқты ұлттық статистикалық қызметтермен, Дүниежүзілік банкпен, ОЭСР-мен, ЮНЕСКОмен, Германияның, Нидерландтардың, Түркияның, Францияның

статқызметтерімен, АҚШ-тың Ауыл шаруашылығы мемлекеттік департаментімен және басқа халықаралық ұйымдармен, ұлттық статистикалық қызметтермен тұрақты әрі жан-жақты ынтымақтастық орнату республиканың статистикасын реформалауда статистикалық көрсеткіштердің жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру зор маңызға ие болады. Ынтымақтастықтың басты мақсаты - Қазақстанның статистика қызметкерлерінің халықаралық стандарттарға көшуіне жәрдемдесу.

Халықаралық ынтымақтасу шеңберінде Еуростат статистика саласында іске асырып жатқан ТАСИС бағдарламасының рөлі ерекше. ТАСИС бағдарламасы бойынша көмек көрсету 1992 жылы басталды, бұл жұмыстың барысында жүйенің мамандарын оқытуда елеулі көмек көрсетілді, компьютер жабдықтары орнатылды, семинарлар өткізіліп, тәжірибе алмасылды, басқа да консультациялық көмек көрсетілді, сондай-ақ едәуір көлемде методологиялық материалдар берілді. 1994 жылдан бастап кәсіпорындар статистикасы проблемалары, кәсіпорындар регистрі және сыртқы сауда статистикасы бойынша жобалар жүргізу ынтымақтастықтың негізгі бағытына айналды, бұлармен алдағы уақытта да жұмыс жүргізіле береді.

Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға мүше болуы олардың сұрақнамалары мен сұраныстарына жауаптар түрінде олардың атына статистикалық ақпараттар беру міндетін жүктейді. Бірнеше жылдар бойы біз халықаралық ұйымдардың атына республиканың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайының түрлі көрсеткіштері бойынша сұрақтарына жауап беріп келеміз. БҰҰ-ның және БҰҰ ЕЭК-тің статбөлімдерінің ХВҚ, Дүниежүзілік банк, ОЭСР, ЮНЕСКО, ФАО, Дамудың Азия банкі мен басқаларының атына жыл сайын 40-тан астам сұрақнама табыс етіледі. Қазақстан Республикасының статистикалық деректерінің халықаралық жарияланымдарға енуі - осы жұмыстың нәтижесі.

**Мақсаты.** Халықаралық ұйымдар мен басқа да елдердің ұлттық статистикалық қызметтерінің бізге техникалық көмек беруін қамтамасыз ету.

**Негізгі шаралар.** Мемлекеттік статистика жүйесін серпінді реформалау қажеттілігін ескере отырып, басқа елдердің ұлттық статистикалық қызметтерімен статистиканың методологиясы және практикасы саласында пәрменді тәжірибе алмасу жүзеге асырылмақ.

Алдағы кезеңде халықаралық ұйымдардың тарапынан статистиканы жетілдірудің жекелеген жобаларын жүзеге асыру, атап айтқанда, халықаралық статистикалық нормалар мен стандарттарды енгізу жөнінде техникалық көмек алудың маңызы зор.

ТАСИС бағдарламасы бойынша бұрын әзірленіп, бекітілген және " Қазақстанның ресми статистикасын реформалау. 1-бөлім" жобасы шегінде 1997

жылы ТАСИС-тің ұлттық бюджетінен қаржыланатын мынадай шағын жобалар жөнінде Статагенттік пен Еуростаттың ынтымақтастығы 1999 жылы және одан кейінгі жылдарда да жалғаса береді:

қызмет көрсету статистикасы;

инвестициялар статистикасы;

халықты жұмыспен қамту және жұмыссыздық саласындағы статистикалық жүйені енгізу;

статистикалық ақпаратты жариялау қызметі және оны тарату.

1998-1999 жылдары ТАСИС-тің ұлттық бюджетінен қаржыланатын осы жобаның 2-бөлімі бойынша мынадай шағын жобалар көзделген:

деректердің бөлінген базасын Қазақстан Республикасының статистика жүйесіне енгізу;

деректерді статистикалық талдаудың әдістерін үйрету;

географиялық ақпараттық жүйелерді енгізу.

1999 жылы Германияның техникалық көмек көрсетуі шегінде оның Федералдық статистика басқармасымен мына бағыттар бойынша ынтымақтасу жалғасын таба береді:

бағалар статистикасы (құрылыстың бағалар статистикасы саласында);

еңбек рыногы статистикасы (жалақы статистикасы);

ұйымдастыруды дамыту.

Қазақстан Республикасының Статагенттігі статистикалық ақпаратты халықаралық ұйымдарға заң бойынша өзіне жүктелген міндеттемелер мен Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес беріп отырады.

## 6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері <*>

Ескерту. 3.-бөлім 6.-бөлім болып саналды - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1434 қаулысымен.

Бағдарламаның шараларын қаржыландыру республикалық бюджеттің қаржысы, халықаралық ұйымдар тарапынан статистиканы жетілдіру жөніндегі жекелеген жобаларды жүзеге асыруға техникалық көмек қаржысы, сондай-ақ өзге де қаржыландыру көздіктері есебінен жүргізіледі.

Бағдарламаны орындау үшін 1999-2005 жылдары шамамен сомасы 40-50 миллион АҚШ долларындай болатын қаржыны игеру талап етіледі. Шығындардың шамамен 40%-і ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізуге, консультациялық қызмет көрсету мен мамандарды оқытуға, 45%-і- техникалық және телекоммуникациялық, бағдарламалық-технологиялық қамтамасыз ету және ақпараттық ресурстарды қорғау құрал-саймандарын

дамытуға байланысты болады, ал 15%-ін өзге де ағымдағы шығыстар мен халықаралық ынтымақтастықтың шығындары құрайды. Талап етілетін қаржы республикалық бюджеттің табыс бөлігіне байланысты әр жылға жеке қаралады.

Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі 2002 жылы 10 миллион теңге мөлшерінде, 2003 жылы 1232,502 миллион теңге мөлшерінде көзделген. <*>

### 6.2. Бағдарламаны іске асыру тетігі

Ескерту. 3.2.-бөлімше 6.2.- болып саналды, 2 абзац жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1434 қаулысымен.

Бас тапсырыс беруші - Қазақстан Республикасының Үкіметі, Бас мердігер - Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі. Оған елімізде мемлекеттік статистиканы реформалау жұмысын үйлестіру Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңына сәйкес жүктелген.

